

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**Бағыты: Құқықтану****Шифр:5В030100****Пән: Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды саралаудың негізі****ГЛОССАРИЙ**

Қылмыстық заң - қылмыстық құқық қағидаларымен жалпы ережелерін қандай қоғамға қауіпті әрекеттер қылмыс болып табылатыны және қылмыс жасағаны заң нормалардан тұратын ҚР-ң Парламенті қабылдаған заң шығарушылық акт.

Қылмыс құрамы - бір қылмыстың заңға сәйкес қоғамға қауіпті әрекетін құратын және міндеттейтін объективті және субъективті элементтерінің және олардың белгілерінің жүйесі.

Сілтемелі диспозиция деп - қылмыс белгілерін анықтау үшін, қайталауды болдырмау үшін, қайталауды болдырмау үшін ҚК-тің басқа бабына немесе баптың бөлігіне сілтеме жасайтын диспозицияны айтамыз.

Бланкетті диспозиция - ерекше бөлім баптарын, яғни қылмыстық әрекет белгілерін тікелей заңның өзінде анықтамай, оны басқа заңдарға немесе нормативтік актілерге –үкімет қаулылары мен жарлықтарына, министрліктердің бұйрықтары мен ережелері, жүпілікті билік органдарының нұсқаулары және т.б.

Қылмыстың объектісі - қылмыстық құқық нормаларымен қол сұғылған үшін жауапкершілік көрсетілген қоғамдық қатынастар.

Қылмыстың объективтік жағы - белгілі бір жағдайларда, жерде уақытта ағып жатқан және қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың сыртқа көрінісі.

Қылмыстың субъективтік жағы - адамның психикалық іс-әрекетінің қылмыс істеуге тікелей байланыстың жағының көрінісі.

Қылмыс сатылары - қасақана қылмыстың дамуына байланысты анықталған кезеңдері, олар қылмысқа дайындалу, оқталу және қылмысты аяқтаумен жүзеге асады.

Қылмыстың ұйымдастырушысы - ол қылмысты ұйымдастырған және басқарған адамды айтамыз.

Қылмыстық идеалдық жиынтығы деп - кінәлінің бір іс-әрекетінен бірден қылмыстық заңның әр түрлі баптары, тармақшалары, бөліктері бойынша сараланатын екі немесе одан да көп қылмыстардың істелуін айтамыз.

Қылмыстың нақты жиынтығы деп - адамның әр түрлі іс-әрекеті арқылы қылмыстық заңның әр түрлі бабына жататын қылмыс жасауын айтамыз.

Әрекеттің қылмыстығын жоққа шығаратын жағдайлар – бұл тұлға тигізген зиян қылмыстық жауапкершілікке әкелетін қоғамдық қауіпті әрекет (қылмыс) ретінде қарастырылмайтын өзіндік жағдайлар (шарттар).

Қажетті қорғаныс – озбырлық жасаушыға зиян келтіру жолымен қоғамдық қаупі бар озбырлықтардан заңға сәйкес заңды қорғану.

Шын көңілден өкіну - қылмыстық әрекет жасаған адамның өз еркімен белсенді әрекеті ретінде танылады, ол әрекет фактілік зиянды зардаптарды болдыртпауға, жоюға немесе төмендетуге бағытталған немесе жасалған қылмыстарды ашуға құқық қорғау органдарына көмегін тигізеді.

Дайындалу - бұл қылмыс жасау сатысы яғни сол кезде кінәлінің әрекеті мынада көрсетіледі: қару іздеу, жоспар құру, қатысушы адам іздеу және т.б. әрекеттерден тұрады.

Тұрақтылық - яғни қатысушылардың ойы. Бір ғана қылмыс жасауға емес, одан да көп қылмыс жасауын айтамыз. Бірақ бір қылмысқа жақсылап дайындалуды көрсетуге болады.

Бірліктілік - қылмыстық ұйымда күрделі ұйымдастыру - техникалық байланыстың болуы, айналымда өте үлкен соммалардың болуы, құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста болу, қорғау шаралар жүйесін дамыту (контрразветка) қорғаулардың көптілігі.

Ұйымдасқан топпен және қылмыстық ұйыммен жасаған қылмыс- ұйымдасқан қылмыс деп аталады.

Негізгі жазалар – тек дербес түрлер ретінде тағайындыла алатын жазаның түрлері, оларды басқаларына қосымша ретінде қосуға болмайды, олармен жазаның мақсаттарына қол жеткізу байланысты болады. ҚК 39-бабына сәйкес жазаның негізгі түрлері мыналар: қоғамдық жұмыстарға тарту, түзету жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеулер, бас бостандығын шектеу, қамау, тәртіптік әскери бөлімде ұстау, бас бостандығынан айыру, өлім жазасы. Қылмыс жасаған тұлғаға ҚК Ерекше бөлімінде норма санкциясында анықталған негізгі жазалардың тек біреуі ғана қолданылуы мүмкін.

Қосымша жазалар дегеніміз – бұл негізгі жазаға қатысты қосалқы сипатқа ие жазаның түрлері және олар тек негізгі жазаны қолдану жазалаудың мақсаттарын қамтамасыз етпейтін жағдайда ғана қолданылады.

Қылмыстық жаза тағайындау - сот өндірісінің тамамдайтын және көбіне жазаның мақсатына жеткізетін қылмыстық заңның басты элементі болып табылады.

Әскери қызмет бойынша шектеу дегеніміз – тек әскери қызметті келісім-шарт бойынша өткізіп жатқан сотталған әскери қызметкерлерге, сондай-ақ әскерге шақыру бойынша әскери қызметті атқаратын офицерлерге қатысты қолданылатын жаза түрі. Және әскери қызмет бойынша шектеуге сотталған адамның ақшалай қаражатынан соттың үкімімен анықталған бірақ жиырма пайыздан артық емес мемлекет пайдасына ақша ұстаулар жүргізіледі.

Жедел іздестіру қызметінің субъектісі дегеніміз – жедел іздестіру заңында және ведомстволық нормативті актілерде көзделген құқықтар мен міндеттеріне ие жеке тұлға.

Қылмыстық жауаптылық дегеніміз - қылмыс жасаған адамға қолданатын қылмыстық-құқықтық әсердің шараларын айтамыз.

Соттылықты жою - бұл заңмен орнатылған автоматты түрде соттылықты жоққа айналдыратын тәртіп. Соттылықты жою үшін ешкімнің шешімі (мысалы, соттың) талап етілмейді.

Соттылықты алып тастау - бұл заң актісімен немесе сот шешімімен соттылыққа ие емес адам танылады.

Кәмелетке толмағандар - деп қылмыс жасаған кезде жасы 14-ке толған кезге қарай бірақ 18-ге толмаған адамдар танылады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары дегеніміз - қылмыстық шараларымен белгілі ұқсастыққа ие. Ол жаза сияқты мынада көрінеді, бұл шаралар мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының түрлері болып табылады және сотпен тағайындалады. Бұл шаралар қылмыстық жаза шарасынан қағидалық айырмашылыққа ие.

Үкімдердің жиынтығы - кезінде бұрынғы жасаған қылмысы үшін адам сотталғаннан кейін жаңа қылмыс жасалады. Бұл мән-жайлар кінәлінің қоғамға қауіптілігі жоғары екендігін дәлелдейді.

Жазаны мемлекеттік күштеу шарасы -ретінде жоққа шығармастан, ақыр аяғында, адамға, оның сезімдері мен ойларына, идеяларына және көзқарастарына, оның өзінің жеке мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етудің әдісі ретіндегі мақсатқа бағытталған тәрбие ғана оның тұрақты көзқарастарын, дағдылары мен құқықтық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ете алатындығын атап өткен жөн.

Жеке адамға қарсы қылмыстар - адамның өміріне және денсаулығына, жыныстық тазалығына, бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қастандық жасауға бағытталған қауіпті іс-әрекеттер танылады.

Жыныстық дербестікке қарсы қылмыстар дегеніміз - қылмыстық заңда қарастырылған, 16 жасқа немесе 14 жасқа толмаған адамның жыныстық дербестігіне, дене бітімінің және психикалық қалыпты дамуына, ересек адамның жыныстық еркіндігіне немесе қоғамда қалыптасқан жыныстық қатынас ғұрпына қауіпті қастандық.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың топтық объектісі -отбасын қорғау, ата-аналардың және асырап алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың дене, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыда дамып қалыптасуын реттейтін қоғамдық қатынастар болып табылады. Ескеретін жағдай мынада - бұл тарауда түрлі мүдде қорғалған деп айтуға болады. Олар: отбасының мүддесі, ата-ана және асырап алушының мүддесі, жасы кәмелетке толмағандардың мүддесі.

Азаптау- ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап шектіру.

Қорқыту — өлтіремін деп немесе денсаулыққа зиян келтіремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр күш көрсетемін не мүлікті құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту.

Жас балаларды азғындату — он төрт жасқа жетпегендігі айқын адамға қатысты күш қолданусыз азғындық іс әрекеттер жасау.

Егемендік - ел ішінде мемлекеттік биліктің үстемдік етуі және сыртқы саяси саладағы оның тәуелсіздігі.

Қорғаныс қабілеті - экономикалық, әскери, әлеуметтік-рухани, мемлекет егемендігі мен аумақтық тұтастығының сыртқы шабуылдан қорғалуын қамтамасыз етуге қабілетті жағдайы.

Аумаққа қол сұғылмауы - Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, ажыратылмағандығы және құрлық, су, әуе арқылы өтетін мемлекеттік шекаралардың мызғымастығы.

Иелену құқығы дегеніміз - мүлікті іс жүзінде иеле-нуді заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндік арқылы жүзеге асыру.

Пайдалану құқығы дегеніміз - мүліктен оның пай-далы табиғи қасиеттерін алу және одан пайда көру мүмкіндіктерін заңмен қамтамасыз ету. Пайда - кіріс, өсім түрінде, жеміс - өнім сипатында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз - мүліктің заң жүзіндегі тағдырын біреудің Заңмен қамтамасыз етуі.

Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар деп - заң шығарушы ұйымдардың, орындаушы және сот билігі қызметкерлерінің міндеттерін атқармайтын тұлғалардың, өзінің өкілеттілігін теріс пайдалану немесе өз міндетіне адал қарамауын азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің мүддесіне және заңды құқығына қысым жасайтын қоғамға қауіпті іс-әрекетін түсінуге болады.

Есірткілік заттар- синтетикалық сипаттағы немесе өсіп-өнетін заттармен қатар олардан жасалатын дәрілік препараттар, сол сияқты, дәл осылардың қатарына халықаралық конвенциялар бойынша жатқызылатын өсімдіктер, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында бақылауға алынуы тиіс есірткілік заттар тізіміндегі адам денсаулығы мен психикасының (жүйкесінің) тәуелділігін тудыратын өсімдіктер жатады.

Есірткілік құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың айналымы-есірткілік құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды зерттеу, өндіру, өңдеу, жеткізіп алу, сыртқа шығару, өткізу, тасымалдау, жөнелту, ие болу, сақтау, бөлу, ұқсату, пайдалану немесе жойып жіберуге, құрамында есірткілік заттар бар өсімдіктерді өсіріп, жинап, дайындауға байланысты қызметтердің Қазақстан Республикасының заңына сәйкес рұқсат етілген және бақылауға алынған түрлері;

Есірткілік құралдардың, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымы-есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың Қазақстан Республикасының заңын бұза отыра жүргізілетін айналымы;

Есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды қиянатпен қолдану- (есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз қолдану) есірткі құралдарын немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дәрігердің белгілеуінсіз қасақана заңсыз тұтыну

